

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.06.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского гуманитарного
института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 26.06.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 26.06.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS		
АЙДАРБЕК Қ.Ж. ИМАНБЕРДИЕВА А.Б. АККУЗОВА А.А.	Қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктері	7
АЛТАЙ А.А. АБЫЗОВА А.М.	Лингвистикалық интеллект: ғылыми категория ретінде	23
BAZARBEKOVA D.M. KURMANOVA Z.K. AKHMETOVA B.Z.	Frame modeling of the «Ulytau» concept	32
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін кейбір топонимдер мен этнонимдердің этимологиясы	44
YESSENBAYEVA A.E. ҮБЫРАЙҰМ А.О.	Linguistic mechanisms of implicit evaluation in Kazakh and English media discourse	56
ЕСКЕРМЕСОВА Г.А. ЕРМЕКОВА Т.Н. ШОЙБЕКОВА Ғ.Б.	Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект арқылы аударылуы: машиналық аудармалар және оның сапасын бағалау	66
ЖАРКЫНБЕКОВА Ш.К. ШАХПУТОВА З.Х.	Репрезентация семейных ценностей в автохтонном художественном дискурсе	78
KORBOSSYNOV B. K. BORANBAYEV S. R. SERKEBAYEVA G.Y.	Tudy of the law of singormanism in Turkic languages	88
КУЛЫНТАЕВА Т.Б. ДЖАМБАЕВА Ж.А. НУРГАЗИНА А.Б.	Қазақ тіліндегі «уақыт» концептісі: семантикалық өріс және тілдік репрезентация	102
ҚАМБАРОВА Б.Ғ. БЕЙСЕНБЕКОВА Г.Т. ШАДИЕВА Н.Х.	Жас когорталарының (X, Y, Z, Alpha) әлеуметтік желідегі коммуникативтік ерекшеліктері	114
ҚАПАЛБЕК Б.С. АЛПЫСБАЙ Ә.Р. ТҮРКБЕНБАЕВА М.Ж.	Жыйырманшы деп жазу қай норма?	126
ҚҰСАЙЫНОВА Ж.А. НАСЫРИТДИНОВА Ә.Н.	«Сенімсіздік» модальді реңкінің мәтіндегі көріністері	136
САГИДОЛДА Г.	*Қазіргі түркі тілдеріндегі бас киім атауларының атауыштық-уәждемелік және лингвомәдени сипаты	148
САДЫҒҰЛ Т.Қ. ЕРҒАЛИЕВА С.Ж. УАЙХАНОВА М.А.	Особенности интернет-дискурса в цифровом пространстве Казахстана	159
SULTANOVA S.M. MUKHTAROVA S.S. TOXANBAYEVA T.ZH.	Ethnocultural specificity of suffixal word formation in Russian, Kazakh, and English: on the question of the linguistic worldview	171
ХАИРЛАЕВА Г.Ж. АСАНБАЕВА С.А.	Қазіргі мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі қоғамдық-саяси аударма: әлеуметтік-лингвистикалық аспекті (қазақ-орыс тілдері материалдары негізінде)	183

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES		
АЙМУХАНБЕТОВА М.Е. КАРТАЕВА А.М. БИЯРОВ Б.Н.	*Киелі Алтайдың табиғаты мен топонимикалық аңыздарының көркем шығармадағы көрінісі	193
АМИРОВА Л.Т., ТАНЖАРИКОВА А.В.	Мистикалық әңгімелердегі акустикалық детальдың қызметі	203
ГАЗИЗОВ Г.Д. КЕМЕҢГЕР Қ.Р.	*Кеңес дәуірі әдебиетінде Алаш арыстарының көркем бейнесі (С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармалары бойынша)	212
ЛАПШИНА Н.В. РАДЧУК О.А.	Особенности перевода стилистических средств в художественном произведении (на материале повести Джека Лондона «Белый клык»)	220
МУСАБЕКОВ К.А. КОШИКБАЕВА Г.Д. АЛТЫНБЕКОВ Ш.Е.	Абсурд – художественный метод в пьесе Дулата Исабекова «Ескерткіш операциясы»	230
СӨМЕНҚЫЗЫ Ұ. ҚҰЛБАРАҚ С.О. САМБЕТОВА Г.	М.Х. Дулати мұралары академик Ә.Дербісәлі зерттеуінде	240
СОЛТАНАЕВА Е.М. ӘБДИМАНҰЛЫ Ө. ШОРТАНБАЙ Ш.	М. Жұмабайұлының шығармашылығы деколониялық дискурста	250
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б. САМАТОВА Ш.Ө.	Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм: поп-арт пен тұрмыстық заттар эстетикасы	260
JURKOWICZ PH. SAILAUKYZY A. TUSSUPOVA G.B.	Alash heritage in national brand formation: a literary, journalistic and intellectual perspective	271
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ / МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ / METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE		
ҚАЛЫБАЕВА Қ.С. ЗАЙСАНБАЕВ Т.К.	А. Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары және әдістемесі	280
МҰХАМАДИ Қ.Т.	Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілері	291

FTAMP 16.01.45

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2026-2.26>

* Қ.С. ҚАЛЫБАЕВА¹ 

Т.К. ЗАЙСАНБАЕВ² 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы,
Қазақстан¹

С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті,
Алматы, Қазақстан²

(e-mail: mtdi_2021@mail.ru¹, t_1962@mail.ru²)

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ САУАТ АШУ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа. Ақымет Байтұрсынұлы – XX ғасыр басындағы қазақ халқының сауатын ашып, рухани түлеуіне ұйытқы болған тұлға. Ол XX ғасырдың басында білім беру саласына түбегейлі өзгеріс енгізіп, ұлттық мектептің іргетасын бекемдеп, келешек оқу жүйесінің бағытын сол кезеңде-ақ көрегендікпен айқындап берді. Оның ағартушылық өміршең идеялары халықты сауаттандыруға, ана тілін сақтауға, білім беру жүйесін ұлттық негізде қалыптастыруға бағытталды. Қазіргі таңда ұлт ұстазының сол мол мұрасын заманауи оқыту жүйесіне енгізу жұмыстары қолға алынуда. Қаншама зерттеулер жазылып, іргелі ғылыми жобалар ұсынылуда.

Мақалада «Қазақ халқының рухани көсемі» (М.Әуезов), «Ұлттық ғылым-білімнің көшбастары» (Р.Сыздық), «Ұлттық жазудың ұлы диқаншысы» (Н.Уәли) атанған А.Байтұрсынұлының қазақ руханиятындағы орнын, халқын сауаттандыру жолындағы қыруар еңбегін баса таныту көзделді. Осы орайда, оның әдістемелік мұрасы ұлттық білім беру жүйесінің теориялық және практикалық іргетасын қалаған тұтас ғылыми-педагогикалық концепция екені тұжырымдалды. Әдістемелік ұстанымдарының бүгінгі білім беру стандарттарымен үндесетіні көрсетілді. Сондай-ақ бала психологиясын ескеру, оқытуды өмірмен байланыстыру, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, әдісті тілдің ішкі заңдылығына сай таңдау қағидаларының заманауи педагогикамен сабақтастығы дәлелденді.

Түйін сөздер: Ақымет Байтұрсынұлы, қазақ руханияты, ұлттық білім беру жүйесі; сауат ашу құралдары, әдістеме

Кіріспе. Ақымет Байтұрсынұлы – XX ғасырдың басындағы білім беру ісіне түбегейлі жаңалық енгізіп, ұлттық мектептің дамуына жол ашқан әрі болашақтағы оқу жүйесінің бағыт-бағдарын дәл болжай білген, көреген ұстаз болды. Ол XX ғасырдың басында-ақ білім

* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР26104175 «Жасанды интеллект арқылы Ақымет Байтұрсынұлының қазақ руханиятындағы орны мен өміршең ұстанымдарын инновациялық технологияларымен ақпараттық және ғылыми айналымға түсіру» атты гранттық жоба аясында әзірленді

беру жүйесінің мазмұны мен бағытын айқындап, ұлттық мектептің теориялық іргетасын қалап кетті. Оқу-ағарту саласы Байтұрсынұлы қызметінің негізгі арқауы болды. Бұл салада ол мықты идеология керек екендігін, нақты іске көшу керектігін бағамдайды. Сөйтіп «Оқыу жайы», «қазақша оқу жайынан», «Мектеп керектері», «Бастауыш мектеп», «Баулу мектебі», «Қай әдіс жақсы» атты оқу-білімге жетелеуге арнаған мақалаларын жеделдете жазып, мәселе көтере бастайды.

«Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебін оқудың кемдігінен көріп тұрмыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» деп білімнің ұлт дамуының шешуші күші, ал оқу-білімсіз елдің байлығы мен болашағы баянды болмайтынын ұғындырады. «Осы замандағы жан таңырқарлық нәрсенің бәрі ғылыммен табылған» [1, 215] дегені де қашан болсын өмірдің шындығы. Өйткені қай кезде де «ғылымсыз ел – жұлынсыз ел» болмақ.

Ғалымның басты ұстанымы – «ұлт тілінде оқыту – ұлттың болашағын сақтау» қағидасы болды. Оқытудың мазмұнын жетілдіру, ана тілінің тәрбиелік әлеуетін арттыру, әдіс-тәсілдерді ұлттық танымға бейімдеу, оқу құралдарының сапасын, педагогикалық баспасөздің маңызын көтеру сынды мәселелерді кешенді түрде қарастырды. Бұл идеялар бүгінгі күні Қазақстанда жаңартылған білім беру парадигмасы қалыптасып, ұлттық білім беру жүйесі әлемдік үрдістермен үндесуге ұмтылып отырған кезеңде ерекше мәнге ие. Алайда соған қарамастан, Ақымет Байтұрсынұлының еңбектері қазіргі білім беру үдерісіне толыққанды, жүйелі түрде енгізілді деп айту қиын. Бұл – ұлттық білім беру жүйесіндегі ең әлсіз тұсымыздың бірі, әрі өзімізге қоятын ең өткір сын. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында бүгінде бас ұстаздың әдістемесінің негізінде оқыту қолға алынуда.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Ғалым ұлттық мәселеге қатысты қай істе болсын тұңғыш бастама көтерді. «Ақаңның жасағанының барлығы тұңғыш, һәм мәңгілік. Әліпбиі, әліппесі, терминжасаудағы ұстанымдары, бастауышта оқытылатын пәндері, Тіл құралдары, Тіл жұмсары, Баяншысы, Әдебиет танытқышы, Абайтанудың әліппесі» [2, 65], – деуі сондықтан. Осы орайда зерттеуіміздің басты мақсаты ретінде ең алдымен А.Байтұрсынұлының тұңғыш жасаған сауат ашу құралдары мен өзіндік әдістемесіне жете тоқталамыз. Оның осы бағытта жазған «Әліпби», «Оқу құралы», «Тіл құрал», «Тіл жұмсар» еңбектері қазақ тілін оқыту мен зерттеудің ғылыми және әдістемелік негізін қалады. Сондықтан ұлт ұстазы атанған ғалымның әдістемелік мұрасын бүгінгі күн тұрғысынан зерттеп-зерделеп, оқыту жүйесіне енгізудің тетіктерін қарастырған жөн. Сондай-ақ зерттеудің әдіс-тәсілдеріне келсек, ғалымның XX ғасыр басындағы педагогикалық көзқарастарын қазіргі білім беру парадигмасымен салыстыру мақсатында **тарихи-салыстырмалы әдіс**; әдістемелік жүйесін тұтас концепция ретінде қарастыру үшін **жүйелі-құрылымдық талдау әдісі**; ғалым тұжырымдарын заманауи педагогика, функционалдық сауаттылық, білім беру стандарттары тұрғысынан ұғындыру үшін **түсіндірмелі әдіс**, **жалпылау және жүйелеу әдістері пайдаланылды**.

Талқылау мен бақылау. Ғалым ұлттық мәселеге қатысты қай істе болсын тұңғыш бастама көтерді. «Ақаңның жасағанының барлығы тұңғыш, һәм мәңгілік. Әліпбиі, әліппесі, терминжасаудағы ұстанымдары, бастауышта оқытылатын пәндері, Тіл құралдары, Тіл жұмсары, Баяншысы, Әдебиет танытқышы, Абайтанудың әліппесі» [2, 66], – деуі сондықтан. Осы орайда зерттеуіміздің басты мақсаты ретінде ең алдымен А.Байтұрсынұлының тұңғыш жасаған сауат ашу құралдары мен өзіндік әдістемесіне жете тоқталамыз. Оның осы бағытта жазған «Әліпби», «Оқу құралы», «Тіл құрал», «Тіл жұмсар» еңбектері қазақ тілін оқыту мен зерттеудің ғылыми және әдістемелік негізін қалады. Сондықтан ұлт ұстазы атанған ғалымның әдістемелік мұрасын бүгінгі күн тұрғысынан зерттеп-зерделеп, оқыту жүйесіне енгізудің тетіктерін қарастырған жөн.

А.Байтұрсынұлының «**Оқу құралы. Қазақша әліппе**» атты еңбегі сол кезеңде жеті рет (1912-1925) басылып, қазақ баласына сауат ашудың тиімді жолын ұсынған тұңғыш оқулықтардың бірі болды. Әліппеде әріптер төте жазу тәртібімен жүйелі

түрде орналастырылып, әр таңбаның атауы көрсетіліп, мұғалімдерге арналған қысқаша нұсқаулықтар қоса беріліп отырады.

Ғалымның әдістемелік мұрасын зерттеген ғалым А.Қыдыршаев «Оқу-ағарту саласында өшпес із қалдырған А.Байтұрсынұлы әліппелері жеті рет басылым көрді. Осыншама таралымнан басылым көріп, ағарту саласында ұзақ қолданысқа ие болған өзге бірде-бір әліппе, оқулық жоқ. Басқа авторлардың әліппелері құрылымдық, әдістемелік жағынан енгізілген материалдары жағынан олқы соғып, бір рет басылым көруден аспайды. Ал А.Байтұрсынұлының әліппе, оқулықтары сол тұстағы жинақталған алдыңғы қатарлы тәжірибелерге сүйене отырып, белгілі педагогикалық-дидактикалық қағидаттарды сақтай білуімен, жасөспірімдердің психологиялық жас ерекшеліктерін, тіпті ұлттық ерекшеліктерін ескере жазуымен құнды болды. А.Байтұрсынұлы әліппелерін қазақ жұртшылығы ана тілінде жазылған аса қажетті тың құрал ретінде қабылдады. Ұлы ағартушының әліппе, оқулықтарының үсті-үстіне мол таралыммен басылып, ұзақ қолданылуының бір астары осында» [3], – дейді.

Ақымет Байтұрсынұлы білім мен тәрбиені ұлттың тұрмыс-салтынан, дүниетанымынан ажыратпай, ұлттық рухта беруді көздейді. Осыған орай жоғарыдағы еңбегінде балалардың танымына жеңіл әрі түсінікті болу үшін туыстық атаулар, тұрмыстық бұйымдар, киім-кешек, жануарлар, тағам түрлері және дене мүшелері секілді күнделікті өмірге жақын тақырыптар қамтылған.

Ғалымның «Оқыту жайынан» (2013) атты мақаласы білім беру жүйесінің беріктігін қамтамасыз ететін үш негізгі тіреуді айқындап береді: қаражат (ақша), оқу құралы (кітап) және мұғалім [4, 165]. Автордың пікірінше, осы үш фактор тең дәрежеде дамығанда ғана оқу процесі «аумалы жүк» сияқты қисаңдамай, дұрыс бағытта дамиды.

Бірінші тіреу – экономикалық және әлеуметтік сана. Ғалым «жұрттық сананың» әлі де болса кенже қалып жатқанына қынжылады. Қазақ ата-анасының жеке басының мүддесінен асып, жалпыұлттық оқу ісін міндет ретінде сезіне алмауы – қаржылық тіреудің босандығына әкеледі. Ол білімді «әмбеге бірдей мүлік» деп қарастырып, ұлттық мектепті ұстап тұру – жекелеген адамдардың емес, тұтас жұрттың міндеті екенін алға тартады.

Екінші тіреу – оқу құралдары. Мұнда қазақ мектебіне тән төл оқулықтардың жоқтығын сөз етеді. Автор ноғай тіліндегі оқулықтарды уақытша амалсыз қолдануды құптағанымен, бұл жағдайдың қазақ баласының табиғатына, тілдік ерекшелігіне үйлеспейтінін ашық айтады. «Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік» дей отырып, оқу бағдарламасы (пыроғырама) мен оқулықтардың өзара сәйкестігін талап етеді. Білім мазмұнын қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына бейімдеу (ыңғайлау) қажеттілігін көтереді.

Үшінші тіреу – педагогикалық шеберлік және әдістеме. Байтұрсынұлы мұғалім тұлғасына ерекше мән береді. Ол мектептің «жаны» – мұғалім екенін, жақсы ұстаз кез келген материалдық кемшіліктің орнын толтыра алатынын айтады. Автор мұғалімдерді екі топқа бөліп қарастырады: 1. «Әй, оқындар!» деушілер: Оқытудың мәнін мұғалімнің тыныштығы деп түсінетін, баланың білім алуына емес, құр атқа жұмыс істейтін енжар ұстаздар. 2. Әдіскерлер (усул жадид): мұнда автор «усул сотие» (дыбыстық әдіс) мен «усул мадие» (әріптік әдіс) [4, 160] арасындағы таңдауды нақтылап береді. Ғалым дыбыстық жаттықтыру (усул сотие) дегенде балаға әріпті көрсетпес бұрын, оның құлағын сөздегі дыбыстарды ажыратуға үйрету керек деген қағиданы ұсынады. Бұл – бүгінгі заманауи фонетикалық-аналитикалық оқыту әдісінің бастауы. Автордың пікірінше, дыбыстық жаттығу – кейінгі жазу мен оқудың берік іргетасы. Ол сол тұстағы мұғалімдердің ең үлкен қателігі ретінде – қазақ тілінің төл дыбыстарын араб әріптерінің шеңберіне сыйғызып, тілдің табиғатын бұрмалауын атайды. Дыбыстық жаттығулар арқылы оқытуды бастау – баланы қинамай, оқуға қызықтырудың төте жолы. Егер бала тез қара (хат) таныса, ата-ананың да оқуға деген сенімі артып, мектепті қолдауға ықыластанатынын әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан негіздейді. Оқыту әдістемесі ана тілінің табиғи заңдылықтарына (дыбыс жүйесіне) құрылуы керек. Автордың пайымдауынша, ұлттық мектептің тиімділігі тек ана тілінде оқытумен шектелмейді, ол ең алдымен оқытудың «төте жолымен» (дыбыстық әдіс) және заманауи

педагогикалық-методикалық тәсілдермен ұштасуы тиіс. Бұл бүгінгі тілмен айтқанда, білім беру стандарттарын қалыптастырудың алғашқы қадамдары еді. Демек, ана тіліндегі сапалы әліппе – жүйелі бағдарлама – ұлттық мүдде тұжырымдамасы бүгінгі заманауи қазақ мектебінің де негізгі темірқазығы болып отыр.

Сондай-ақ Орынборда жарық көріп, бірнеше мәрте қайта басылып шығып отырған «Тіл – құрал» оқулығы үш жылдық оқу жүйесіне лайықталып, әр сыныпқа арнап жеке жазылған маңызды тірек еңбек болды. Оның алғашқы бөлімі «Дыбыс жүйесі мен түрлері» (1914) фонетиканы таныстырса, екінші кітабы «Сөздің жүйесі мен түрлері» (1914–1915) сөз құрылымын, ал үшіншісі «Сөйлем жүйесі мен түрлері» (1923) синтаксисті түсіндіруге арналды [5]. Ғалым бұл еңбекті үш жылға бөліп жазу себебін тіл білімінің негізін оқушыларға біртіндеп, қарапайымнан күрделіге қарай (концентрлі бағыт) меңгерту қажеттігімен түсіндіреді. Әсіресе, бірінші жылы тілдің іргетасы берілетіндіктен, мұғалімдер оны терең әрі жүйелі оқытуы тиіс екенін ескертеді. Алғашқы кітапта әріп, буын, олардың ережелері мен сөз тұлғалары қамтылып, тілдердің түбіршек, жалғамалы, қопармалы болып бөлінетіні және қазақ тілінің жалғамалы тілдер қатарына жататыны ғылыми тұрғыда баяндалады. Сонымен қатар, оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер де нақты әрі түсінікті көрсетілген.

Одан кейін ғалым екі кітаптан тұратын «Тіл – жұмсар» атты әдістемелік көмекші құрал жазады. 1-ші кітабы (1928), екіншісі (1929) жарық көреді. Бұл еңбегінде ғалым оқытудың жолын тайға таңба басқандай түсіндіреді. Мұнда оқу, жазу, сөйлеуді өмірлік тәжірибедегі мысалдар арқылы үйретуге тырысады. Еңбекте әрбір тыныс белгісін мол дидактикалық материалдар арқылы меңгертеді.

Мысалы, нүктені тыныстық (.); үтірді жабсарлық (,); қосарлық (-); тастарлық (–); дәлдеулік («») белгілерін айқындап береді. «Қосар сөз» (қатар-қатар, бірін-бірі, бір-бірден); қосынды сөз (белбеу, қарағұс); үйір сөз (қара айғыр, ақ өгіз, сұр тай) деп береді. Сондай-ақ дауысты дыбыстарға қоса үнді дыбыстарды; ұяң дыбыстарды сыбысты дыбыстар; қатаңдарды сыбырлы дыбыстар деп бөледі [1, 234].

Ақымет Байтұрсынұлының «Баяншы» (1920) атты әдістемелік нұсқаулығын қазақ мұғалімдеріне арналған шағын көлемді, практикалық көмекші құрал деуге болады. Ағартушы өзінің 14 жылдық педагогикалық тәжірибесіне сүйене отырып, жаңа оқу әдісінің (усул сотие) тиімді жолдарын мұқият түсіндіреді. Нұсқаулықта қазақ тіліндегі дыбыстар, олардың жазылуы және дыбыспен жаттығу тәсілдері туралы нақты мағлұмат беріліп, ұстаздарға бағыт-бағдар ұсынылады.

Еңбектің негізгі мақсаты – оқушыларды сауатты сөйлеуге, оқуға, жазуға және жаңа емлені қиындықсыз қабылдауға дағдыландыру. Бірінші бөлімде әріптер мен таңбаларды дұрыс қолдану, сөз бен сөйлемді жазу дағдылары үйретілсе, екінші бөлімде осы білімді кеңейтіп, пысықтау және бақылау жұмыстары қамтылған. Автор сауат аштыруды механикалық жаттау үдерісі емес, тілдің ішкі құрылымын саналы меңгерту үдерісі деп түсінеді [1, 235]. «Ғалым қазіргі айтылып жүрген оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттерінің негізі осы «Дыбысты әдіс» арқылы қалануы керектігін сол кезде-ақ саралаған» [6].

«Сауат ашқыш» (1924) еңбегі сауатсыз ересектерге арналған оқулық ретінде жазылған. Бұл еңбегін дыбыс әдіс жолы мен тәртіптелген қазақша әліпбій деп ұсынады. Кейін 1926 жылы Семей баспасынан қайта басылып шығады. Еңбек ересек оқырмандардың қабылдау ерекшелігін ескере отырып, дыбыстық әдіс негізінде жүйеленген. Оқулықта әр әріпке атау сөз (ат, тау, тон, тана, т.б.) беріліп, оны дұрыс меңгерту үшін сол сөздермен байланысты тіркестер (Ат азар. Тон тозар. Асқар тау. Он тана) ұсынылады. Осылайша, «Сауат ашқыш» үлкендердің қысқа мерзімде хат танып, тілдік дағдыларын қалыптастыруына бағытталған тиімді оқу құралы болды [1]. Еңбекте «Жалпы саны 40 тақырып, оның ішінде 7 өлең, 2 аударма-тақпақ, 4 мысал-өлең, 25 әңгіме, 2 көркем аударма қамтылған» [7] деп көрсетеді.

«Бауду мектебі» (1925) атты мақаласынан ұлттық білім беру жүйесінің іргетасын қалаған терең әдістемелік концепцияны көруге болады. Бұл – қазақ баласын оқытудың

мазмұны мен формасын түбегейлі жаңартқан бағдарламалық еңбек деп бағалауға болады. Баланы табиғи болмысына сәйкес тәрбиелеу және оқытуды өмірмен байланыстыруда автор «баулу» ұғымын жай ғана үйрету емес, дағдыландыру, бейімдеу және шәкірттің ішкі әлеуетін сыртқа шығару деп түсіндіреді. Мектеп – тек құрғақ теория беретін орын емес, ол баланы болашақ тіршілікке даярлайтын шеберхана іспетті болуы тиіс дейді. Бұл бүгінгі жаңартылған білім беру бағдарламасында айтылып жүрген функционалдық сауаттылықты өмірді қолдана білу деген мазмұнға саяды.

Ана тілі – оқытудың негізгі құралы. Автор білімнің сапасы тікелей тілге байланысты екенін, бала өз ана тілінде еркін ойлай алғанда ғана ғылымды терең меңгеретінін баса айтады. Бұл – ұлттық мектептің басты қазығы. Психологиялық сәйкестік те басты шарттардың бірі деп есептейді. Оқыту әдісі баланың жас ерекшелігіне, қабылдау деңгейіне лайықталуы тиіс. Байтұрсынұлы «балаға білімді күштеп тықпаламай, оның қызығушылығын ояту арқылы баулу» керек деген заманауи педагогикалық принципті ұсынады. Ол мектепті «ұлттық сананы оятушы күш» ретінде қарастырады. Білім беруді екі арнаға бөледі: бірі – жалпы адамзаттық ғылым, екіншісі – ұлттық тәрбие. Осы екеуі тоғысқанда ғана «баулу» үдерісі сәтті жүреді. Автордың ойынша, мұғалім тек ақпарат беруші емес, ол – бағбан, ал бала – сол бағбанның күтіміне мұқтаж жас шыбық. Егер тәрбие мен білім беруде қателік кетсе, болашақта ұлттың бәсекеге қабілеттілігі төмендейтінін ескертеді. Демек, оның әдістемелік концепциясының негізінде гуманизм, ұлтжандылық және прагматизм жатқандығын байқаймыз.

Ал «Қазақша оқыту жайынан» (1913) мақаласында қазақ қоғамының дамуын тікелей білім беру жүйесінің сапасымен байланыстырады. Автордың негізгі мақсаты – «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек» деген үлкен идеяға негізделген. Байтұрсынұлы жүйесіз оқудың нәтижесіз болатынын айта келе, алдымен әліппе мен пәндік оқулықтарды (есеп, география, тарих) түзеп, содан кейін ғана оқытудың ретін (жосығын) анықтау қажеттігін алға тартады. Бұл білім беруді ғылыми негізде стандарттаудың алғашқы қадамы еді.

Автор педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін көтеру мәселесіне баса мән береді. Ол «бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білуі керек» дей отырып, мұғалімге екі түрлі қатаң талап қояды: біріншісі – өз пәнін терең меңгеру, екіншісі – баланың жас ерекшелігін, психологиясын, «көңіл сарайын» танитын психолог болу. Бұл бүгінгі заманауи педагогикадағы «балаға бағытталған оқыту» (student-centered learning) принципінің бастауы деуге болады. Байтұрсынұлы мұғалімдікті дәрігерлік немесе сот ісі секілді арнайы ғылыми дайындықты қажет ететін жауапты мамандық ретінде бекіту керек дейді. Автордың «дүние тегеріші кейін айнамайды» деген пікірінен прогреске шақырған жаңашылдығын көреміз.

«Мектеп керектері» (1914) мақаласында «Мектептің жаны – мұғалім» деген іргелі қағиданы бекітеді. Білім сапасын жақсартудың үш тағанын (мұғалім, құрал, бағдарлама) айқындап береді.

Байтұрсынұлы мұғалімдердің кәсіби біліктілігін екі жақты қарастырады. Ол кездегі зиялы қауымның екі тобын (орысша оқығандар мен мұсылманша хат танығандар) біріктіру арқылы «әмбебап мұғалім» моделін ұсынады. Орысша оқығандарға – ана тілі мен әліпбиін, ал діни мектеп бітіргендерге – еуропалық үлгідегі педагогика мен методиканы жедел үйрету (қысқа мерзімді курстар арқылы) идеясы сол заман үшін ең тиімді прагматикалық шешім болды. Бұл – кадр тапшылығын жоюдың және білім берудің мазмұнын байытудың төте жолы еді.

Сондай-ақ ұлт ұстазы ғылыми сын мәдениетін де көтереді. Сынның құрғақ сөз емес, іс жүзіндегі нәтижемен, яғни бала оқытып көрсетумен дәлелденуі керектігін айтады. Бұл бүгінгі білім берудегі нәтижеге бағытталған оқыту (outcome-based education) қағидасына саяды.

Патша үкіметінің «қазақ тілінде оқулық жоқ, сондықтан орысша оқыту керек» деген сылтауына қарсы тұру үшін, ұлттық оқулықтарды жедел шығаруды міндеттейді.

Автор «мектепке не керек?» деген сұраққа «бәрінен бұрын жүйелі білім мен білікті маман керек» деген қарапайым жауаптың шешілуді көздейді. Себебі білім сапасы техникалық жабдықталудан емес, ең алдымен мұғалімнің методикалық дайындығынан басталатындығын ұғындырады.

Ғалымның сыни әдістемесінің тиімділігі туралы «Бүгінгі білім беру саласында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін кең қолданысқа ие болған 4К жүйесін қарастыру әрі бұл оқыту моделінің А.Байтұрсынұлы еңбектерінде көрініс табуын қарастыру 4К оқыту моделі оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық, қарым-қатынас, ынтымақтастық дағдыларын дамытуды көздейді», -дейтін пікірден байқаймыз [8].

Осы тұста «Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты тағы басқа оқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын айқындап көтеріп жүр. Өткенге барлап қарасақ, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алатынын атап өткен жөн болар» [7] дейтін пікірді де өте орынды деп санаймыз.

«**Бастауыш мектеп**» (1914) мақаласының негізгі өзегі – ұлттық мүддеге негізделген дербес бастауыш мектеп моделін қалыптастыру. Автор сол кезеңдегі екі түрлі білім беру жүйесіне (ауыл мектебі мен орыс-қазақ мектептеріне) сыни талдау жасай отырып, олардың екеуінің де қазақ баласының сұранысын толық қанағаттандыра алмай отырғанын ашып көрсетеді. Ауыл мектебінің артықшылығы ана тілінде білім беруімен халыққа жақын дейді. Ал орыс мектептерінің «орыстандыру» саясаты мен миссионерлік мақсаттары білімнің тиімділігін жоққа шығаратынына қауіп келтіреді.

Бастауыш мектептің мақсаты тек шенеунік немесе тілмаш даярлау емес, ең алдымен, өз тілінде хат танытын, ұлттық әдебиет пен мәдениетті тұтына алатын сауатты тұлға қалыптастыру болуы тиіс деп санайды. Осыған байланысты ол «5 жылдық білім беру» моделін ұсынады: алғашқы 3 жылда бала тек ана тілінде оқып, іргетасын қалауы керек, ал қалған 2 жылда орыс тілін меңгеру арқылы жоғары оқу орындарына (гимназия, реальный училище) дайындықтан өтуі тиіс.

Мектепте тек діни біліммен шектелмей, дүниәуи пәндерді (есеп, жағрафия, жаратылыстану, тарих, шаруа-кәсіп) оқытуды міндеттейді. Бұл білімнің адам өміріне «көз, құлақ, қол» сияқты қажетті екенін айта отырып, бастауыш білімді жалпыадамзаттық қажеттілік деңгейіне көтереді. Сонымен қатар, мектеп құрылымын қазақтың тұрмыс-салтына икемдеп

«көшпелі (қыр)»;

«отырықшы (қала)» мектептері;

«жатып оқитын» (интернаттық жүйе);

«келіп оқитын» мектептерге бөлуді ұсынады. Бұл да білім алу сапасын қолжетімді ететін стратегиялық ұсыныс еді. Білім беруді саясаттан (орыстандырудан) арашалап алып, оны ұлттық болмысты сақтау негізіне айналдыру қажеттігін осылайша көрсетеді. «Байтұрсынұлы мұралары негізінен бастауыш мектепке және Қазақстандағы бастауыш мектеп жүйесін жаңдандыруға арналғандықтан ғұламаның еңбектерін барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес мектепке дейінгі мекемелерде оқушылардың жас ерекшеліктерне негіздей отырып, бастауыш мектептің оқу тәрбие үрдісіне енгізетін болсақ, егеменді еліміздің келешегін ойлайтын, мәдени – құндылық қасиеттері жетілген жеке тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік бар екенін байқауға болады.

А.Байтұрсынұлының «**Қай әдіс жақсы?**» (1928) атты мақаласы әдіснамалық негіздердің бастауында тұрған ең көп оқылатын, ең көп талданған еңбегі. Мақаланың өзегінде «жақсы» немесе «жаман» әдіс болмайтыны, әр әдістің өз орнында, өз жүйесінде ғана тиімді болатыны туралы тұжырым жатыр. Иә, шебер мұғалім – түрлі әдісті меңгеріп, қажет жерде соның лайықтысын ғана қолдана алатын тұлға.

Ғалым алдымен жазу жүйелерінің табиғатын саралайды. Байтұрсынұлы жазуды екі негізге бөледі: таңба негізді және әріп негізді. Таңбаға негізделген жазуда әр сөз жеке белгімен берілетіндіктен таңбаны жаттау маңызды болса, ал әріптік жазуларда жазылу мен айтылу арақатынасына қарай (алшақ тілдерде – тұтас сөзді үйрету, сәйкестігі күшті тілдерде – дыбыстық әдіс) сауат аштыру тәсілін таңдап түсіндіреді.

Автор қазіргі емле жүйелерін төртке бөледі: таңбаша, дағдыша (тарихи), туысша және дыбысша. Қазақ емлесі – дыбысша жүйеге жатады, яғни сөз көбіне қалай естілсе, солай жазылады. Сондықтан қазақ тілінде сөздің ішкі дыбыстық құрылымын талдай білу – сауат ашудың негізгі тірегі. Осыдан келіп автор дыбыстық әдістің қазақ тілі үшін табиғи әрі тиімді екенін негіздейді. Сөйтіп сауаттылықтың негізі оқу емес, жазу екенін дәлелдейді.

Нәтижелер. Ахмет Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары және әдістемесінің нәтижесінде оқыту үдерісіне қатысты маңызды ғылыми тұжырымдар қалыптасты. Атап айтқанда, оқыту әдісі тілдің табиғатына сай болуы керек; әмбебап «ең жақсы» әдіс болмайды, әдіс – қажеттіліктен туындайды; сауаттылықтың негізі – жазу, сондықтан сауат аштыру жазуға бағытталуы тиіс; дыбыс пен әріп сәйкестігі күшті тілдерде дыбыстық әдіс – ең тиімді жол; Мұғалім бір ғана әдіске байланып қалмай, әдістерді саналы түрде таңдай білуі керек. Демек, әдіс таңдауда ұлттық тілдің фонетикалық, графикалық, орфографиялық ерекшеліктерін ескеру – басты шарт. Қазақ тілінің дыбыстық табиғаты дыбыстық әдісті талап етеді. Сондықтан «қай әдіс жақсы?» деген сұраққа берілетін жауап – «тілге лайығы жақсы» [1] – деген тұжырым. Сондай-ақ ХХ ғасыр басындағы қазақ бастауыш мектебіне арнап 1926 жылы Ақымет Байтұрсынұлы мен Телжан Шонанұлы бірлесіп **«Бастауышқа арналған оқу кітабын»** жазады. Хрестоматия негізінде жазылған бұл еңбек 1927 жылы екі рет қайта басылып шығады. ҚР Ұлттық кітапхана қорында қозғаусыз жатып қалған осы еңбекті 2025 жылы Мемлекеттік тілді дамыту институты оқу үдерісіне бейімдеп, тақырыптарына қарай топтастырып, үш кітап етіп басып шығарады. Қос алаш арысының бұл педагогикалық мұрасын ұлттық құндылықтарды ана тілі арқылы меңгерудің өміршең лингводидактикалық үлгісі деуге болады. **1-кітапта** 34 әңгіме, 26 өлең, 4 арнау өлең, 4 шешендік сөзге қатысты әңгіме, 8 мысал, 2 аударма өлең, 3 эпостық өлең қамтылған [9].

2-кітап барлығы мәтін түрінде берілген. Тақырыптарға бөлсек, Құрлықтар – 5; Дүние және оның пайда болуы – 18; Алғашқы адамдар, оладың тұрмысы – 8; Қазақ халқының ерте тұрмысы – 7; Шаруашылық – 13; Тарих – 9; Тамақтану мәдениетіне қатысты 10 мәтін бар [10, 130].

3-кітап мазмұны да танымдық әңгімелер түрінде жазылған. Табиғат құбылыстары – 16; Табиғат және оның байлықтары – 13; Жануарлар – 9; Төрт-түлік – 5; Құстар – 8; Жандықтардың таралуы (жәндіктер) – 13; Өсімдіктердің таралуына қатысты 11 тақырып қамтылған [11, 95].

«Ахмет Байтұрсынұлы өзінің аталған алғашқы ғылыми-методикалық кітабын «әліппе» деп атамай, «оқу құралы» деп атады. Жаңа атау түсінікті болу үшін мұқабада «Ысул сутие жолымен тәртіп етілген қазақша алфба» деп түсіндірме береді. Осының өзінен «әліппе» атауының қазақша баламасын ғалым «оқу құралы» деп бергенін көруге болады» [12, 84]. Бұл еңбектің тек әріп танытуға ғана емес, сауатты оқытуға арналған кешенді құрал екенін аңғартады. Демек, ғалым «әліппе» ұғымын тар мағынада емес, кең мазмұнда түсіндіріп, оны оқыту үдерісінің бастапқы әрі негізгі баспалдағы ретінде қарастырған. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасын қазіргі білім беру жүйесіне енгізу – ұлттық мектептің сапасын арттырудың маңызды бағыты. Бұл тек тарихи мұраны жаңғырту емес, сонымен бірге білім беру мазмұнын ұлттық негізде жетілдірудің тиімді жолы. Сондықтан ұлт ұстазы негіздеген қағидаларды заманауи оқу үдерісінде жүйелі қолдану – болашақ ұрпақтың сапалы білім алуына және ұлттық құндылықтарды сақтауға ықпал ететін маңызды қадам болып табылады.

Қорытынды. «Қазақ қоғамын жаңғырту үдерісінде Алаш қозғалысы әртүрлі салалардағы реформаторлық идеяларымен ерекшеленеді. Алаш зиялылары тек саяси тәуелсіздік пен ұлттық бірегейлікке ұмтылысымен ғана емес, тіл, әдебиет, білім беру

және мәдениет сияқты салаларда да айрықша көзге түсті» [13, 84]. Бұл тұрғыдан алғанда, Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық көзқарастары білімді тек таным құралы емес, ұлтты сақтаудың, рухани тәуелсіздікті нығайтудың маңызды тетігі ретінде пайымдағанын көреміз. Ол мектепті ұлттық сананы қалыптастыратын орта, мұғалімді – мектептің жаны, ал оқулықты – оқыту үдерісінің темірқазығы деп білді. Білім беру жүйесінің беріктігін қамтамасыз ететін үш тірек – қаражат, оқу құралы, мұғалім мәселесін кешенді қарастыруы бүгінгі білім беру стандарттары мен нәтижеге бағытталған оқыту қағидаларымен үндеседі. Ғалымның сауат ашу құралдары мен әдістемелік еңбектері – тек оқулық жасау тәжірибесі емес, ұлттық мектептің мазмұнын, құрылымын, ұстанымын айқындаған жүйелі бағдарлама. Оның «Әліпби», «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Тіл – жұмсар», «Баяншы», «Сауат ашқыш», т.б. оқу құралдары қазақ тілінің табиғи фонетикалық заңдылығына сүйенген, ана тілінде сауат аштырудың тиімді дыбыстық әдісін ұсынған еңбектер екендігі көрсетілді. Бұл қазақ тіл білімінің ғылыми негізін қалыптастырып қана қоймай, ұлттық болмысқа бейімделген әдістемелік жаңалық еді.

«А. Байтұрсыновтың жаңа әліпби үлгісімен жазылған «Оқу құралы» (Орынбор, 1912) қазақ мектептерінің әліппеге деген сұранысына толық жауап берді. Онда шәкірттердің сөздік қорын барынша сауатташу жұмысына тиімді пайдалану мақсаты көзделді» [14, 323]. Ғалым ұсынған дыбыстық әдіс, бала психологиясына сәйкестікті ескеру, оқытуды өмірмен байланыстыру, функционалдық сауаттылыққа бағдарлану, әдісті тіл табиғатына лайық таңдау сияқты тұжырымдары қазіргі жаңартылған білім беру парадигмасымен сабақтас. Демек, XX ғасыр басында ұсынылған бұл идеялар уақыт сынынан өтіп, заманауи білім беру контекстінде өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Яғни, зерттеу нәтижелері Ақымет Байтұрсынұлы мұрасының қазақ ұлттық білім беру жүйесінің теориялық та, практикалық та іргетасын қалаған тұтас ғылыми-педагогикалық концепция екенін дәлелдейді.

Сонымен, ұлт қайраткерінің елі үшін жасаған жанкешті қызметін, қазақ жұртын білім арқылы өркениетке бағыттаған ұлы миссиясын көрсетуге тырыстық. Оның әдістемелік мұрасын заманауи оқу үдерісіне жүйелі енгізу – тарихи әділеттілік қана емес, ұлттық мектептің сапасын арттырудың нақты жолы. Ұлт ұстазы негіздеген қағидалар білім беру ісінде әлі де өміршеңдігін таныта берері сөзсіз.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы – қазақ ұлттық білім беру жүйесінің іргетасын қалаған терең ғылыми әрі әдістемелік жүйе екені айқындалады. Ол білімді тек таным құралы ретінде емес, ұлттың рухани тұтастығын сақтайтын, ұлттық сананы қалыптастыратын стратегиялық күш ретінде қарастырды. Ғалымның мектеп, мұғалім және оқулық туралы тұжырымдары бүгінгі білім беру жүйесінде де өзектілігін жоймаған әмбебап қағидалар екенін дәлелдейді.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінің құндылығы – олардың теориялық негізділігімен қатар, практикалық тиімділігінде. Оның ана тілінде сауат ашуға негізделген дыбыстық әдісі, оқыту үдерісін баланың табиғи танымымен үйлестіруі, білімді өмірмен байланыстыруы қазіргі заманғы білім беру талаптарымен толық сәйкес келеді.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Таңдамалы шығармалары. 3-том. – Алматы: Тіл-Қазына, 2022. – 696 б.
2. Қапалбек Б. Ойлар. Ұсыныстар. Тұжырымдар. – Алматы: Дәстүр, 2022. – 256 б.
3. Қыдыршаев А. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы // «Тіл және қоғам» журналы. – №2 (56). – 2022.
4. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
5. Байтұрсынұлы А. Таңдамалы шығармалары. 1-том. – Алматы: Тіл-Қазына, 2022. – 695 б.
6. Байтенова Қ., Мамырбек Г. Байтұрсыновтың әдістемесі // «Egemen Qazaqstan» газеті. 14 ақпан, 2022. URL: <https://egemen.kz/article/304141-baytursynovtynh-adistemesi>
7. Тілешов Е. Ахмет Байтұрсынұлының тіл мұрасы. URL: <https://tilalemi.kz/kz/method/axmet-baytursynulinyin-til-murasi.html>

8. Сапашев О., Нәби Н., Р.С. Рахметова. Ахмет Байтұрсынұлы тұжырымдарының қазіргі білім беру технологияларымен сабақтастығы // Торайғыров университетінің хабаршысы. – №1. – Павлодар, 2024. DOI: <https://doi.org/10.48081/WSXW2390>
9. Байтұрсынұлы А., Шонанұлы Т. Бастауышқа арналған оқу кітабы. I кітап. – Алматы: Атамұра, 2025. – 159 б.
10. Байтұрсынұлы А., Шонанұлы Т. Бастауышқа арналған оқу кітабы. II кітап. – Алматы: Атамұра, 2025. – 159 б.
11. Байтұрсынұлы А., Шонанұлы Т. Бастауышқа арналған оқу кітабы. II кітап. – Алматы: Атамұра, 2025. – 168 б.
12. Маралбек Е. Ахмет Байтұрсынұлының «оқу құралы» басылымдары: библиографиялық, типографиялық ерекшелік. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – №1 (197). DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh202519717>
13. Малдыбай А. Ахмет Байтұрсыновтың әліпби реформасы. // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2011. – №4 (134). URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1363>
14. Daurenbekova L., Soltanayeva Y., Adayeva Y. The Effect of Teaching Based on Alash Figures in Translated Works on Human Values and Success // Social Studies Education Research. – 2025. – № 16 (2). – P. 39-73. URL: www.jsser.org

Қ.С. КАЛЫБАЕВА

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

Т.К. ЗАЙСАНБАЕВ

Казахский Национальный медицинский университет имени С.Д.Асфендиярова, Алматы,
Казахстан

СРЕДСТВА ОБУЧЕНИЯ ГРАМОТЕ И МЕТОДИКА А. БАЙТУРСЫНОВА

Аннотация. Ахмет Байтұрсынов – выдающийся просветитель начала XX века, сыгравший ключевую роль в ликвидации неграмотности казахского народа и его духовном возрождении. В начале XX столетия он осуществил коренные преобразования в сфере образования, заложил прочный фундамент национальной школы и определил стратегическое направление развития будущей образовательной системы. Его просветительские идеи были направлены на распространение грамотности, сохранение родного языка и формирование национально ориентированной системы образования. В настоящее время предпринимаются активные шаги по внедрению богатого наследия национального учителя в современную образовательную практику; опубликованы многочисленные исследования и реализуются фундаментальные научные проекты.

В статье ставится цель всесторонне раскрыть место Ахмета Байтұрсынова в казахской культуре и особо подчеркнуть его значительный вклад в просвещение народа, учитывая его статус «духовного вождя казахского народа» (М. Ауэзов), «лидера национальной науки и образования» (Р. Сыздык), «великого возделывателя национальной письменности» (Н. Уали). В этой связи обосновывается вывод о том, что его методическое наследие представляет собой целостную научно-педагогическую концепцию, заложившую теоретические и практические основы национальной системы образования. Показано, что его методологические принципы созвучны современным образовательным стандартам. Доказана их преемственность с актуальными направлениями современной педагогики: учётом возрастной психологии ребёнка, связью обучения с жизненной практикой, формированием функциональной грамотности и выбором метода в соответствии с внутренними закономерностями языка.

Ключевые слова: Ахмет Байтұрсынов, казахская духовность, национальная система образования, средства обучения грамоте, методика.

K.S. KALYBAYEVA

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

T.K. ZAISANBAYEV

S.D. Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan

A. BAITURSYNULY'S LITERACY INSTRUCTION MATERIALS AND METHODOLOGY

Annotation. Akhmet Baitursynuly was a prominent early twentieth-century enlightener who played a decisive role in promoting literacy and fostering the spiritual revival of the Kazakh people. At the beginning of the twentieth century, he introduced fundamental reforms in the field of education, laid a solid foundation for the national school system, and foresightedly determined the strategic direction of future educational development. His enduring educational ideas were aimed at spreading literacy, preserving the mother tongue, and establishing a nationally grounded system of education. Today, substantial efforts are being undertaken to integrate the rich legacy of the national educator into contemporary educational practice; numerous scholarly studies have been published and major research projects are being implemented.

The purpose of this study is to highlight Akhmet Baitursynuly's place in Kazakh spiritual life and to emphasize his substantial contribution to the enlightenment of his people, acknowledging his recognition as the "spiritual leader of the Kazakh people" (M. Auezov), the "forerunner of national science and education" (R. Syzdyk), and the "great cultivator of national writing" (N. Uali). In this regard, the study concludes that his methodological heritage constitutes an integral scientific and pedagogical concept that laid both the theoretical and practical foundations of the national education system. It demonstrates that his methodological principles are consonant with contemporary educational standards. Furthermore, their continuity with modern pedagogical paradigms is substantiated, including attention to child psychology, the connection between learning and real-life practice, the development of functional literacy, and the selection of teaching methods in accordance with the internal laws of language.

Keywords: Akhmet Baitursynuly, Kazakh spirituality, national education system, literacy teaching tools, methodology.

References

1. Baitұrsynұly A. Таңдамалы шығармалары. 3-том. – Алматы: Тіл-Қазына, 2022. – 696 б.
2. Қапалбек Б. Ойлар. Ұсынystar. Түжырымдар. – Алматы: Дәстүр, 2022. – 256 б.
3. Қыдыршаев А. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы // «Тіл және қоғам» журналы. – №2 (56). – 2022.
4. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
5. Байтұрсынұлы А. Таңдамалы шығармалары. 1-том. – Алматы: Тіл-Қазына, 2022. – 695 б.
6. Бәйтеннова Қ., Мамырбек Г. Байтұрсынұлының әдістемесі // «Егемен Қазақстан» газеті. 14 ақпан, 2022. URL: <https://egemen.kz/article/304141-baytursynovtynh-adistemesi>
7. Тілешов Е. Ахмет Байтұрсынұлының тіл мұрасы. URL: <https://tilalemi.kz/kz/method/axmet-baytursynulinin-til-murasi.html>
8. Сапаршев О., Нәби Н., Р.С. Рахметова. Ахмет Байтұрсынұлы түжырымдарының қазіргі білім беру технологияларымен сабақтастығы // Торайғыров университетінің хабаршысы. – №1. – Павлодар, 2024. DOI: <https://doi.org/10.48081/WSXW2390>
9. Байтұрсынұлы А., Шонанұлы Т. Бастауысқа арналған оқу кітабы. I кітап. – Алматы: Атамұра, 2025. – 159 б.
10. Байтұрсынұлы А., Шонанұлы Т. Бастауысқа арналған оқу кітабы. II кітап. – Алматы: Атамұра, 2025. – 159 б.
11. Байтұрсынұлы А., Шонанұлы Т. Бастауысқа арналған оқу кітабы. II кітап. – Алматы: Атамұра, 2025. – 168 б.

12. Maralbek E. Ahmet Baitürsynülynyñ «oqu qūraly» basylymdary: bibliografialyq, tipografialyq erekşelik. QazĪU habarşysy. Filologia seriasy. – №1 (197). – 2025. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh202519717>

13. Maldybai A. Ahmet Baitürsynovtyñ älipbi reformasy. // QazĪU habarşysy. Filologia seriasy. – №4 (134). – 2011. URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1363>

14. Daurenbekova L., Soltanayeva Y., Adayeva Y. The Effect of Teaching Based on Alash Figures in Translated Works on Human Values and Success // Social Studies Education Research. – 2025. – № 16 (2). – P. 39-73. URL: www.jsr.org

Авторлар туралы мәлімет:

Қалыбаева Қаламқас Сейдуллақызы – филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.

Қалыбаева Қаламқас Сейдуллаевна – доктор филологических наук, доктор филологических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Kalybayeva Kalamkas Seydullaevna – Doctor of Philological Sciences, Professor of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Зайсанбаев Төлеубек Кийзатович – филология ғылымдарының кандидаты, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінің доценті, Алматы, Қазақстан.

Зайсанбаев Төлеубек Кийзатович – кандидат филологических наук, доцент Казахского национального медицинского университета имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан.

Zaisanbaev Toleubek Kiizatoevich – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of S.D.Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan.